

№1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 26 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық үдірісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: -перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау, бекіту.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.
3. Өзара ұйымдастырылған іс әрекеттерге қатысу, тәжірибие алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.
4. Балабақшаға балалардың бейімделуі.
5. Ағымдағы мәселелер

1-МӘСЕЛЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші Амирова Гульбану Хаблакатовна балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда білім беру процесін ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналармен жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар және бақылау түрлері қамтылғанын атап өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы басым бағыттар, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Талқылау барысында педагогтер жылдық жоспарға мерекелік іс-шаралар кестесін нақтылау, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер және ата-аналармен өткізілетін жұмыстарды толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі әдістемелік кеңестің бірінші мәселесі – балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау, оны жетілдіру.

Жылдық жоспар – мектепке дейінгі ұйымның бір оқу жылындағы барлық қызметін жүйелейтін негізгі құжат. Ол ұйым жұмысының мақсаттары мен міндеттерін айқындап, педагогикалық ұжымның қызметін бір арнаға бағыттайды.

Жоспарды әзірлеу барысында өткен оқу жылындағы жұмыс нәтижелері сараланып, жетістіктер мен проблемалық тұстар анықталды. Осыған байланысты келесі бағыттарға ерекше назар аудару ұсынылады:

- тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру;
- балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;
- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;
- инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу;
- инклюзивті білім беру талаптарын жүзеге асыру.

Жылдық жоспардың әр бөлімі бойынша жауапты тұлғалар мен орындалу мерзімдері нақтыланып, оқу жылы барысында туындауы мүмкін өзгерістер мен толықтыруларды ескеру ұсынылады.

Талқылау барысында педагогтердің ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, жоспарға қажетті түзетулер енгізіледі. Бұл жоспардың сапалы орындалуына және ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Шманова Алтынай Жанабаевна жылдық жоспардың мазмұны толық қамтылғанын атап өтіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларды көбейтуді ұсынды.

Педагог-психолог Бахтиярова Айслу Жаухарбековна ата-аналармен өзара байланысты нығайту мақсатында қосымша іс-шаралар ұйымдастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

2-МӘСЕЛЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу, семинарлар, шеберлік сағаттары мен тәжірибе алмасу жұмыстары қамтылғаны айтылды.

Талқылау барысында педагогтер жоспардың мазмұнын қолдап, оқу жылы барысында жоспарланған іс-шараларды сапалы ұйымдастыру, олардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізу және қажеттілігіне қарай толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар білдірді.

3-МӘСЕЛЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна өзара іс-әрекеттерге қатысу мен тәжірибе алмасудың педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдірудегі маңызы туралы баяндама жасады. Баяндамада педагогтердің бір-бірінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысуы арқылы жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеретіні, инновациялық технологияларды тиімді қолдану тәжірибесін бөлісетіні және кәсіби құзыреттілігінің арта түсетіні атап өтілді.

Сонымен қатар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдау барысында педагогтердің күшті жақтары мен жетілдіруді қажет ететін тұстары анықталып, әдістемелік қолдау көрсету жолдары қарастырылды. Өзара тәжірибе алмасу шығармашылық ізденісті дамытып, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Шамилова Айымгул Батырбекқызы сөз алып, өзара іс-әрекеттерге қатысудың тәжірибе жинақтаудағы, жаңа педагогикалық технологияларды меңгерудегі және балалармен жұмыстың тиімді әдістерін таңдаудағы маңызын атап өтті. Ашық іс-әрекеттерді тұрақты ұйымдастыру және кейін талдау жүргізу жөнінде ұсыныстар білдірді.

4-МӘСЕЛЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагог-психолог Бахтиярова Айслу Жаухарбековна ортаңғы топтардағы балалардың бейімделуі туралы анықтамасымен таныстырды.

5-МӘСЕЛЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ағымдағы мәселелер бойынша сөз сөйлеп, оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуына қатысты бірқатар мәселелерді қарастырды. Атап айтқанда, қауіпсіздік талаптарын сақтау, санитарлық-гигиеналық нормалардың орындалуы, топтардың заттық-дамытушы ортасын толықтыруы талқыланды.

Сонымен қатар, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, еңбек және өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық үдерісті 2025–2026 оқу жылына сапалы ұйымдастыру мақсатында барлық педагогтер перспективалық жоспарды, циклограмманы, мониторингті және өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жұмыс жоспарын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес әзірлеп, белгіленген мерзімде әдіскердің бекітуіне ұсынсын.
2. «Еркемай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары талқыланып, енгізілген ұсыныстар ескеріле отырып, бекітілсін.
3. Өзара ұйымдастырылған іс әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу және ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жүйелі ұйымдастырылсын. Әр педагог тәжірибе алмасу арқылы кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге белсенді қатыссын.
4. Балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі тұрақты бақылауда болып, әр тәрбиеленушінің психологиялық жай-күйі мен жеке ерекшеліктері ескерілсін.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы барлық педагогтердің тұрақты бақылауында болсын. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған семинарлар, коучингтер, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу іс-шаралары оқу жылы бойы жүйелі өткізілсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы: _____

Сисенгалиева С.Х.

Хатшы: _____ Жаманова Н.А.

Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг.

2025-2026 оқу жылы педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау бойынша перспективалық жоспарларға, циклограммаға, мониторингке бақылау жүргізілді.

Педагогтар оқу жылы басында "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 319 бұйрығының 1- қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесін» басшылыққа алып, жылына бір рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрықтары негізінде оқу жылына арналған жас тобындағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеп апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын құрастырады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылған 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, 2025 жылдың тамыз айында өткен №1 педагогикалық кеңесте осы мәселе қаралып, тәрбиешілер «Жұлдызай» кіші тобындағы (2 жастағы) балаларға, «Қошақан» (3жастағы) ортаңғы, «Еркежан» ересек (4 жастағы) және «Ботақан» мектепалды топтарының (5 жастағы) перспективалық жоспар жасалынып, циклограмма жасау кезінде перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін ерекшеліктерін көрсетуге шешім қабылданды.

«Қошақан» ортаңғы, «Еркежан» ересек топ тәрбиешілері, «Ботақан» мектепалды топтарында қазақ тілі пән мұғалімі ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарлары балалардың жасына сәйкес Үлгілік оқу бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп және балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алынған. Әр топтың перспективалық жоспарын құруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде, кейбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыптары көрсетілмей, тек міндеттері тандап алынды.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограммаларды құрған. Циклограмма перспективалық жоспарға, күн тәртібіне сәйкес әр аптаға жазылған. Ол балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған іс әрекеттерінің, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етеді. «Еркежан» ересек тобында

күннің бірінші және екінші жартысында дидактикалық, құрылыс, үлестірмелі ойындардың шарттары, жүру барысы мен мақсаттары дұрыс айқындалмаған. «Күндізгі ұйқы» бөлімінде ертегілермен қатар музыкатерапия қолданылады. Күннің екінші жартысында баламен жеке жұмыс бөлімінде мониторинг бойынша тәрбиеленушілерге дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жазылған. Ал «Жұлдызай» кіші тобында дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс әрекеттерінің құрылымы толық жазылғанымен күтілетін нәтижелері болмады. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асыру, құндылықтарды қалыптастыру мақсатында циклограммада апта дәйексөздері, «Күй күмбірі» бөлімінде күйлердің атаулары және авторлары, «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» көрсетілген.

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қыркүйек айында жүргізілді. Мониторинг Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» дайындаған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» (2023 жылдың 5 қаңтардағы №1 хаттама) негізінде жүргізілді. Тәрбиешілер мониторинг нәтижелерін уақытында және нұсқаулығына сәйкес толтырылған. Балалардың жеке даму карталары толығымен толтырылған.

Қорытынды: Барлық педагогтердің жоспарлары және циклограммалары бар, арасында жіберілген кемшіліктерді толықтыру керек.

Ұсыныс: педагогтердің құжаттарының жүргізілу барысында аталған кемшіліктерді педагогтер қаперіне алып, толықтырсын.

Әдіскер :

Едильбаева Б.А.

2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

2025-2026 оқу жылына «Еркемай» балабақша әдістемелік жұмысының **мақсаты:** Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әрбір педагогының педагогикалық қызметінің жеке-қайталанбас және тиімді жүйесін қалыптастыру және дамыту, мектепке дейінгі ұйымның жылдық міндеттерін шешуде жағдай жасау

Міндеттері:

- педагогтардың әдістемелік жұмысын дамытудың басым бағыттарын анықтау;
- бағдарламаларды, ережелерді және басқа да ғылыми-әдістемелік өнімдерді жетілдіру, сараптау бойынша ұсыныстар мен ұсыныстарды дайындау;
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату; жарияланымдарды дайындау;
- бақылау және басшылықты дайындау және педкеңес, семинарлар, конкурстар өткізу;
- педагогикалық инновациялар банкін қалыптастыру;
- білім беру процесін, бағдарламаларды, бірлестік қызметінің формалары мен әдістерін, педагогикалық қызметкерлердің шеберлігін жетілдіру.

Әдістемелік жұмыс жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. 2025 - 2026 жылға арналған құжаттаманы ретке келтіру: перспективалық жоспар, циклограммалар, ұйымдастырылған іс әрекеттердің кестесі, баланың даму картасы, қосымша қызметтер (мүмкіндігінше электронды түрде), педагогтер мен ата-аналарға арналған ақпараттық стенд пен веб-сайтты жаңарту.
2. Кабинетті әдебиеттер, демонстрациялық материалдар, сценарийлермен жабдықтауды жалғастыру.
3. Ұйымдастырылған іс - әрекеттердің кестесін әзірлеу; жоспарлау бойынша ұсыныстарды дайындау; балалардың сауықтыру жұмыстары бойынша ұсыныстар.
4. Әр педагогке бағдарламаны терең зерттеуге көмектесу. Жылдық жоспардың әдістері мен тәсілдерін таңдау бойынша кеңес өткізу.
5. Жоспар құру:
 - оқу бағдарламалары бойынша.
6. Тәрбиешілерге арналған ұсыныстар:
 - заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру;
7. Жаңа әдістемелік әдебиеттер мен түрлі баспаларға шолу.
8. Педагогтердің портфолиосын, шығармашылық жұмыстарының ресімдеу
9. Педагогтердің жетістіктері мен проблемаларына диагностика жүргізу. Өзіндік білім көтеру әдістемелік тақырыптарын анықтау, бағыт-бағдар беру.
10. Оқытудың заманауи құралдарын пайдалану және педагогикалық процесте ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша оқулар, дәрістер, семинарлар ұйымдастыру.
11. Педагогтерді аттестаттау процестерін ұйымдастыру.

Жоспарланған әдістемелік жұмысты жоспар бойынша жүйелі, сапалы жүргізу және бекітуге ұсынамын.

Әдіскер:

Едильбаева Б.А.

Өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде педагогтің кәсіби дамуы – білім беру сапасын арттырудың басты шарттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, педагогтердің өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуы және тәжірибе алмасуы олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің тиімді жолы болып табылады.

Әріптестердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу барысында педагогтер оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларды, тиімді ұйымдастыру формаларын және балалармен жұмыс жасаудың озық тәжірибелерін меңгереді. Мұндай өзара тәжірибе алмасу педагогтердің шығармашылық ізденісін арттырып, кәсіби шеберлігін шыңдайды, өз жұмысына сыни көзқараспен қарап, оны жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттен кейінгі талдау жұмыстарының да маңызы зор. Талдау барысында педагогтер қолданылған әдістердің тиімділігіне баға беріп, жетістіктер мен кездескен қиындықтарды талқылайды, өзара ұсыныстар айтып, кәсіби қолдау көрсетеді. Бұл педагогикалық ұжымда ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырып, бірлескен жұмыстың сапасын арттырады.

Сонымен қатар, өзара сабаққа қатысу жас педагогтердің кәсіби бейімделуіне оң әсерін тигізеді. Тәжірибелі педагогтердің іс-тәжірибесін бақылау арқылы олар ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау, балалардың қызығушылығын арттыру, оқу мақсаттарына қол жеткізу және тиімді кері байланыс ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Тәжірибе алмасу барысында педагогтер цифрлық білім беру ресурстарын, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік жұмыстарды, ойын технологияларын және зерттеушілік әдістерді қолданудың тиімді жолдарын бөліседі. Бұл балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік дағдыларын дамытуға және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу мен тәжірибе алмасу – педагогтің кәсіби өсуіне, үздіксіз дамуына және педагогикалық шеберлігінің артуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Сондықтан бұл жұмыс түрі әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарына сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылып, әр педагогтің кәсіби дамуының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Әдіскер:

Едильбаева Б.А.

«Еркемай» балабақшасы

Бейімделу



2025--2026 оқу жылы

Әр бір ата-ана баласының бөбекжайға бейімделуі ойдағыдай болып, көп ыңғайсыздық тудырмауын қалайды. 1 – 3 жастағы балалар үшін бөбекжайға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп

өзгеріске түседі. Қазіргі уақытта баланы бөбекжайға дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруді бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселердің бірі болып отыр. Сондықтан ата – аналар бөбекжайдың тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына бөбекжайда ішетін тамақтар түрін қосып, үйдегі жағдайда баланың өзіне – өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйретіп: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, дәретханаға сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болу шарт: шалбар не болмаса шорты белдеушесіз болуын қадағалау қажет.

Сонда Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса бөбекжайға келген күннен бастап – ақ үйреніп кетеді. Сонымен қатар бөбекжайға бейімделу әрекетін талдау психологиялық диагностиканың қолданылу бөлігін анықтайды. Балаларға психодиагностикалық зерттеулер жүргізгенде, мынадай моральді – этикалық сипаттамасы бар талаптар қойылады, олардың ең негізгілері:

1. Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері балаларға зиянын келтірмеуі керек.
2. Балаларға диагностикалық зерттеулер, тек балалардың өздерінің және олардың ата – анасының рұқсатымен жүргізілуі тиіс. Балалар бөбекжайға баратын кезге дейінгі уақытта ата – аналар балаларынсыз рұқсат болады.
3. Психодиагностикалық зерттеудің нәтижесінде анықталған басқа фактолардан баланың тағдырын, яғни бөбекжайға бейімделуін тәрбие мүмкіндігін, ата – аналармен психолог – педагогтардың пікірінсіз шешілмеуі тиіс.
4. Психодиагностикалық әдістердің көпшілігі бөбекжайға баратын балалардың түсінігіне байланысты психологиясымен физикалық жағынан сау балалардың, зерттелініп отырған қасиеттер дамуының орта деңгейін сипаттайды және осындай зерттеулердің нәтижелерінен ауытқуы бар балалардың да қасиеттерінің даму деңгейі де анықталады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Ол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл – ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоядан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Психолог баланың бөбекжайға барлық бейімделу бағытында бақылауға алады. Бөбекжайда баланың өзін еркін сезінуіне қажетті машықтарынан басқа, оның ұжымға араласуға психологиялық дайындығы да аса маңызды. Баланың көңілін, ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы: сабын көпіршіктері, шарлар. Тәрбиешілер баланың назарын топтағы ойыншықтарға назар аудару қажет. Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу, доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген балаларды шақыру керек. Эмоция балалардың өмірінде маңызды роль атқарады. Оларды шындықты ұғындыруға және дұрыс қарым – қатынас құруға көмектеседі. Баланың бөбекжайға бейімделуі оның жағдайы мен көңіл- күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір – бірімен сыйластыққа үйренеді. Ең бастысы, ата – ана баланың бөбекжайға бейімделуіне өз ықыласы бар екенін түсінуі тиіс. Бөбекжайға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (сәби дүниеге келгенде, анасы іс – сапарға кеткенде және тағы басқа жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Бөбекжай туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен

достауға болатындығын айту қажет. Ата – ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасынан ажырап, ол бөбекжайдан қажеттігін тауып, тәрбиешілермен, балалармен жақсы қарым – қатынасқа түсуге үйренеді. Туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ әр ата – анада одан шығу жолдары әртүрлі.

Егер де балаңыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса, онда ол бөбекжайға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы бөбекжайға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз оны жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ.

Баланың бөбекжайға бейімделу кезінде ата – аналарға психологиялық кеңес:

Сіздің балаңыз бөбекжайға алғаш барған кезде, ол үшін бірінші рет анасынан ажырап өзіне таныс емес үлкен адамдар мен бір топ балалардың арасына түсуі болып табылады. Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Бөбекжайға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді.

Бұл неден көрініс табады?

- Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды.
- Дене қызуы көтерілуі мүмкін.
- Бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін.
- Иммунитеттің төмендеуі, салмағының азаюы мүмкін.

Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді. Ортаға деңгейдегі бейімделуде алғашқы айларында бала тұмаумен ауруы мүмкін, ал ортаға қиын бейімделсе баланың эмоционалды жағдайының қалпына келуі ұзаққа созылуы мүмкін. Осының барлығы баланың келесідей іс- қимылдарынан байқалады: баланың тығылып қалуы, қабылдау бөлмесінде отыру, анасын қайта – қайта шақыру.

Баланың ортаға бейімделуі неге байланысты:

Баланың жасына байланысты. Екі жасқа толғаннан кейін баланың ортаға бейімделуі оңай жүреді. Олардың ортаға деген қызығушылығы жоғары болады, назарларын басқаға аудару жеңілдірек айтқан сөздерді нақты түсінеді және тыныштандыру оңай.

Баланың жасымен денсаулығын жағдайына байланысты:

Биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты;

Бейімделуге деген байланысты.

Баланың бөбекжайға үйренгендігін қалай білуге болады?

Ол үшін келесілерді байқаймыз:

- Ұйқының жақсаруы;
- Тәбетінің жақсы болуы;
- Үйреншікті қылықтары мен білімдерінің қалпына келу белсенділігінің артуы.

Педагог- психолог:

Бахтиярова Айслу Жаухарбековна